



«31» тамыз 2022 жыл

№ 441

Қарауылкелді ауылы

2022-2023 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 тамызындағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтылығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығы және Ақтөбе облысының білім басқармасының Байғанин аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 170 бұйрығы негізінде 2022-2023 оқу жылын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022-2023 оқу жылының басталуы- 2022 жылдың 1 қыркүйек.

1.1. Оқу жылының ұзақтылығы 1 сыныптарда- 35 оқу аптасы, 2-11 (12) – сыныптарда - 36 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

1.2. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1.3. 1-11 (12) сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2022 жылғы 31 қазан- 6 қараша аралығында), қысқы каникул-9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемдегі каникул -9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында), 1- сыныптарда 7 күн мерзімде (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленсін.

2. Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптардың орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

3. Оқу жоспарын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

4. Санитарлық талаптар қатаң сақталсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Негіз: Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімінің 31.08.2022 жылғы № 128/1 бұйрығы.

Мектеп директорының м.у.а:



К.Суйесинов